ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ТУЫ

ЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
Л ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

июнь Сәрсенбі | Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тиын.

*Социалистік егін шаруашылығының еңбекшілері! Егіннен мол өнім алудың ең жауапты және ең шешуші кезеңі—егін жыйнау мен астық дайындауға барлық жағынан үлгілі әзірлену жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетейік, сөйтіп, егіннен мол өнім алу жөніндегі алған міндеттемемізді абройімен орындап шығайық!*

# Қоғамдық мал шаруашылығы үшін тұрақты жемшөп қорын жасайық

лі

жыйнауда өнімді
техникалық жағы-
йланысты. Демек,
дың барлық жөн-
колхоз ұста дүкен-
тыңғылықты әзір-
өлшектермен, ас-
қамтамасыз ету,
агрегаттарының
етісу үшін барлық
ажет.

жауын- шашын-
талан- таражға са-
қталуға тиіс. Бұл
шешу үшін колхоз
вхоз дирекциялары,
стық кептіргіштер-
деу және салу жұ-
дегенде июльдің ал-
толық аяқталуын
лсын. Мұнымен бір-
сіру және астық та-
механикаландыру
ардың бәрін қолдану

хоз бен МТС-тің егін
дайындау мерзіміне
жасалған жұмыс жос-
мыстардың тыңғы-

☆

## Жемшөптің мол қорын жасаудың кейбір тиімді әдістері туралы

Аудан еңбекшілері булаевтықтармен социалистік жарысқа түсе отырып, быйыл ірі қара мал, қой-ешкі, жылқы, шошқа және құс өсіру жөнінде елеулі табыстарға жетуді белгіледі, колхоздарда әрбір сауын сыйырдан кемінде 1500 литрдэн, ал, Тоқшын совхозында 2850 литрден сүт сауға, мемлекетке теккана жоғары сапалы мал шаруашылығы өнімдерін тапсыруға міндеттенді.

Аудан еңбекшілерінің бұл сыяқты күрделі әрі жауапты міндетті абройімен орындауы, еңалдымен тұрақты жемшөп қорының жасалуына байланысты екені мәлім. Ал, жемшөп дайындаудың быйыл облыстың барлық аудандары сыяқты, біздің ауданда да кейбір ерекшеліктері бар.

Кәзір аудан партия ұйымы, колхоз басқармалары мен МТС және совхоз дирекциялары жемшөп дайындаудың ондай ерекшеліктерін ескере отырып, жемшөптің берік қорын жасау күресін ұйымдастыру -мәселесімен тынбай шұғылдана бастады. Мәселен, Чапаев атындағы кол-

жүздеген бас малды Чугуновка жайылымында бағуды ұйымдастырды. Бұл участоктегі малдардың әр қайсысының салмағы өткен май айының өзінде ғана 25 килограмнан артты.

Қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөптің берік қорын жасау күресі Аманкелді атындағы колхозда да (председателі Бегалимов, партия ұйымының секретары Ишманов жолдастар) тыңғылықты ұйымдастырылып отыр. Мұнда шөпті қолмен шабу, жыйнау және маялау жексенбіліктері тынбай өткізіліп келеді. Әрбір колхозшының қандай жұмыс істейтіндігіне қарамастан, оларға қол шалғымен шөп шабу және шөп маялау тапсырмасы тағайындалған. Осы сыяқты, Сталин атындағы колхоз шөп сүрлеуге кірісіп, кәзірдің өзінде 7 центнер шөп сүрледі. Киров атындағы, Ворошилов атындағы және Тельман атындағы колхоздарда да жемшөптің берік қорын жасау жөніндегі күрес күннен- күнге кең өріс алып отыр.

Ауданның колхоздарында жемшөптің мол қорын жасау жөніндегі қажырлы

☆

## Ленин ауданындағылар қыстың қамын ойламай отыр

Қолда бар күш- мүмкіншілік есепке алына келіп, Ленин ауданында шөп шабуды 45 жұмыс күні ішінде аяқтау ұйғарылды. Осыған байланысты әрбір колхоз бен совхозда шөп шабудың күндік және бескүндік графигі жасалды. Бірақ, аудан колхоздарында тағайындалған бұл график ұдайы орындалмай келеді. Мәселен, аудан бойынша соңғы бескүндік график небары 35 процент ғана орындалды. Өйткені, ауданның көптеген колхоздарында шөп шабу жоспарсыз жүргізіліп, жұмыз бетімен жіберіліп отыр.

Шөп шабу басталғалы айға жуық уақыт өтсе де, ауданда осы күнге дейін 111 шөп машинасы, 102 ат тырнауышы жұмысқа қосылмай тұр. «Мир», «Новая жизнь» сыяқты колхоздарда бірде-бір машина шөп шабуға қосылмаған. Қолда бар қуатты техниканың орынды пайдаланылмауы салдарынан мұнда шөп шабу жоспары кәзір тек 10 проценттей ғана орындалып отыр.

Воровский атындағы колхоз — аудандағы малды колхоздардың бірі. Мұнда мал азығын дайындау жұмысы төзгісіз

кемшіліктерден тиісті қорытынды шығармай отыр.

Кейбір колхоздарда шөп шабу жұмысы сапасыз жүргізілуде. Сталин атындағы колхоздың председателі Шуринов жолдас, «1 май» колхозының председателі Теслюк жолдас «жоспарды орындауға шабындық жеріміз жетіспейді» дегенді айтады. Бұлар басқарған колхоздарда шабындық таза шабылмайды, атжал қалдырылады, бір гектар жерден кем дегенде 2—3 центнерге дейін шөп қалып қояды. Мұның үстіне «шөп машинасы жүрмейді» деген сылтаумен томарлы, бұта арасындағы, өзен жиектеріндегі құнарлы шөптер шабусыз сол күйінде қалып жатыр.

Қоғамдық мал азығының берік қорын жасауда МТС-тердің алатын орны аса зор. Сондықтан үкмет пен партия МТС-терден колхоздарға барынша көмектесуді, шөп шабуға техника күшін толық пайдалануды талап етеді. Бірақ, аудандағы 4 МТС-тің қайсысы болса да колхоздармен жасасқан шартты қанағаттанғысыз орындап келеді.

Аманкелді атындағы колхозда Ильич атындағы МТС-тің үш кең алымды шөп ма

басқармалары және МТС-тер мен совхоздардың дирекциялары егін орағы басталуға дейінгі қалған уақыттың бірде-бір күнін босқа өткізіп алмай, егін жыйнауға әзірліктің үлгілі аяқталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Облыс колхоз, совхоздарында егін алқабының басым көпшілігі комбайндармен жыйналатындығы мәлім. Осы себепті комбайндарды егін жыйнауға осы бастан тыңғылықты әзірлеу, оларды дәнді дақылдарды жыйнаумен бірге, майлы дақылдарды, тұқымдық шөптерді жыйнауға да икемдеп жабдықтап қою қажет. Сол сыяқты, комбайндардың тоқтаусыз өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін олардан астық тасыйтын машиналар мен көліктерді де алдымыздағы маусымдағы жұмысқа алдын-ала әзірлеудің айырықша маңызы бар.

торaптық әдісті қолдануды кеңінен насихаттау қажет.

Аудандық партия комитеттері мен Совет атқару комитеттері әрбір колхоз, совхоз бен МТС-тегі егін жыйнауға әзірлік жұмыстарының барысымен күнбе-күн шұғылданып, оларға нақтылы басшылық, қажетті көмек көрсетіп отыруға, бұл мақсатта толғағы жеткен мәселелерді іскерлікпен шешіп отыруға міндетті.

Социалистік егін шаруашылығының еңбекшілері! Егіннен мол өнім алудың ең жауапты және ең шешуші кезеңі— егін жыйнау мен астық дайындауға барлық жағынан үлгілі әзірлену жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетейік, сөйтіп, егіннен мол өнім алу жөніндегі алған міндеттемемізді аброймен орындап шығайық!

## Қажырлы еңбек, жоғары награда

Кеше Петропавл МТС-не зор қуанышты хабар келді. МТС-тің таңдаулы комбайншысы Христьян Федорович Шварц жолдасқа Социалистік Еңбек Ері атағы берілген.

Осыған байланысты машина-трактор мастерскойының залына механизаторлар, жөндеушілер және МТС қызметшілері тегіс жыйналды. Олардың барлығы да Шварц жолдасты шын жүректен құттықтады. Өйткені, озат комбайншының табысы бүкіл коллективтің табысы.

Социалистік Еңбек Ері Шварц жолдасты ҚК(б)П Петропавл аудандық комитетінің бюросы атынан аудандық комитеттің секретары Исаков жолдас құттықтады. Ол Петропавл МТС-нің үздік комбайншысы Х. Ф. Шварц жолдасқа жоғары атақ берілуін бүкіл аудан еңбекшілері мақтан ететіндігін айта келіп, келешекте механизаторлардың мұндай маңдай алды озаттардан үлгі алып, еңбек майданында жаңа табыстарға жетуіне тілектестік білдірді.

Таңдаулы комбайншылардың бірі М. Ким сөз алды. Ол былай деді:

—Біздің қызметтес жолдасымызды наградтау жөніндегі хабар барлығымызды да қуантады. Мен бұл наградаға жауап ретінде тіркеудегі «Сталинец—6» қос комбайнымен жаңа егіннің 16 мың центнер астығын бастыруға міндеттенемін. Ким жолдасты комбайншы Кулибаба Кель жолдастар да қуаттады.

МТС директоры Любарь жолдас өзінің сөзінде бүкіл коллективтің ой-пікірін білдірді. Ол еңбек ерін қызу құттықтағаннан кейін барлық механизаторларды Шварц жолдасқа теңелуге шақырды.

Митингінің соңында қажырлы еңбегімен үкметіміздің жоғары наградасына лайық болған Шварц жолдас өзіне Социалистік Еңбек Ері атағын бергені үшін большевиктік партияға, совет үкметіне және кемеңгер көсеміміз Сталин жолдасқа шын жүректен алғыс айтты. Сонымен қатар ол үстіміздегі маусымдағы 35 жұмыс күні ішінде 18 мың центнер астық бастыруға міндеттенетіндігін айтты.

Сол сыяқты, Шварц жолдастан үлгі алған басқа да механизаторлар өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алысты.

дайында болса да қарқынды … рудың шараларын жүзеге асыруды. Жауынды күндері шөп маялағанда шөптің арасына салу үшін колхоз 10 тонна тұз сатып алды. Ал, Молотов атындағы колхоз мал жайылымын дұрыс ұйымдастырып, шабындық участокке біркатар қосымша жер бөлінуін қамтамасыз етті. Колхоз

сып алу міндетін … ұйымының және барлық пішеншілердің бұл міндетті аброймен орындайтындығына күмән жоқ.

**М. КАМАЛЕТДИНОВ,**
**ҚК(б)П Полудень аудандық комитетінің секретары.**

лік б… тов ж… шөп… орып… шауы… Ша…

# Советтік Қа…

### Ертіс бойындағы саяхат

СЕМЕЙ, (КазТАГ). Күн батып ымырт жабылған кезде Семейдің өзен вокзалының кеме тоқтайтын жеріне «Академик Мичурин» пароходы келді. Осы пароходтан 300-ден аса жолаушы —қаланың жұмысшылары мен қызметшілері түсті. Олар Ертістің төменгі жағына көңілді саяхат жасап, «Жеті шатыр» дейтін ескі қорғанның тұсындағы Қызыл бұлақ өзенінің көркем жағасында бірнеше сағат уақыт тынықты, пароход бір күннің ішінде екі рет сапарға шығып, 600-ден аса жолаушы тасыды.

### АДАМ ІЗІ ТҮСПЕГЕН БИІК ҚҰЗДАРҒА ЖОРЫҚ

«Искра» ерікті спорт қоғамының В. Степанова, А. Семченко және М. Дивари жолдастардан құралған нұсқаушылар тобы кеше Талас Алатауының биік құздарына жаппай жорық жасауды ұйымдастыру үшін Жамбыл облысына жүріп кетті. Биіктігі теңіз бетінен бес мың метрден асатын аты белгісіз биік құзға тұңғыш рет жорық жасалады.

**(КазТАГ).**

## Омарташы Андре…

САМАРСКОЕ, (Шығыс Қазақстан облысы). (КазТАГ). Андрей Васильевич Нарушин Самар ауданының Ворошилов атындағы колхозының омартасында ширек ғасырдан бері істеп келеді. Ол өз ісінің нағыз шебері болып алды. Нарушиннің ұсынысы бойынша колхоз омартасы Колба тауының етегіне, Мальцев бұлағының жнегіне көшірілді. Ара тұқымы ұясының өнімі екі есе артты, араның балды тез, әрі оңай жыйнауына қолайлы жағдай туды. Тау беткейіне ұшып барып, хош иісті өсімдіктерден бал жыйған аралар бойына балды көп тартып ұяларына жиі келіп тұрады.

Араларды желден және ерте көктемгі сап…

суы… ның… көкт… оты… ның… ді. мас… йын… да. ұяс… мін… оть… есе… сы… егі…

## Шахтерлер ансамблінің Қа…

ҚАРАҒАНДЫ. (КазТАГ). Мұнда Сталино қаласынан көмiршілер кәсіподағының Орталық Комитетінің шахтерлер ән-би ансамблі гастрольге келді. Кеншілердің мәдениет сарайында болған бірінші концергке мыңнан аса адам қатынасты.

Киров атындағы шахтаның клубында,

Қа… те… ға… р… бі…

